

**АРАЛЫҚ ЕСЕП № 2
22 желтоқсан 2011 – 4 қаңтар 2012**

6 қаңтар 2012

I. ҚЫСҚАША ШОЛУ

- 15 қаңтарда өтетін кезектен тыс парламенттік сайлаудың үгіт-насихат шаралары өткізілуде, алайда қыс мезгілінің қатаң жағдайлары, мемлекет тәуелсіздігінің 20-жылдық мерейтойы, сол сияқты Жаңа жылға арналған мерекелік шаралар сайлау алдындағы үгітке арналған уақыт пен көпшіліктің назарын шектеді. Осылайша, үгіт-насихат шаралары Жаңаөзен қаласында орын алған жаппай тәртіпсіздіктер себебінен елдің назарынан тыс қалды.
- Күні бүгінге дейін, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ партиялар жүргізген насихаттарға жасалған елеулі кедергілер жайлы ақпарат алған жоқ. «*Нұр Отанның*» үгіттеу іс-шаралары бүгінгі күнге дейін ең елеулі болып табылады, ал қалған үш партияның үгіт-насихат науқаны елеулі болса да, аз жариялануда.
- ОСК заңмен белгіленген мерзімдерге сәйкес келіп, сайлау алдындағы дайындығын қызу жалғастыруда. ОСК отырыстары бақылаушылар мен БАҚ-қа ашық. Алайда, кейбір жағдайларда ОСК тиісті отырысқа дейін және ОСК мүшелері дауыс беруге дейін алдын ала шешім қабылдаған. Мұның барлығы отырыстардың жария сипатын және шешім қабылдау тәртібінің алқалығын рәсімдік формалдылықпен шектеп, ашықтық пен айқындық белгілерінің жоғалуына себеп болды.
- Әділет Министрлігінің партияларды тіркеуден бас тартуы немесе тізімнен алып тастауы себебінен бірқатар саяси партиялар осы сайлауда дауысқа түсу мүмкіндігінен айырылды. 28 желтоқсан күні ОСК «*Руханият*» партиясын тіркеуден шығарып тастады, енді бұл партия сайлауға қатыса алмайтын болады. Тіркеуден шығару барысына толықтай әрі тиісті бақылау жүргізілу мәселесі бойынша көптеген сұрақтар пайда болды.
- ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ның БАҚ-қа мониторинг жүргізудің алдын ала нәтижелері Қазақстан егемендік алғаннан бері 20 жыл ішінде қол жеткізген жетістіктерін телеарналар төрінде, әсіресе мемлекеттік телеарналарда паш етуге едәуір уақыт бөлінгендігін көрсетеді; бұл жайт «*Нұр Отан*» басшы партиясының ақпараттық артықшылыққа ие екендігіне бірден-бір дәлел. Сайлау алдындағы үгіттеу шараларының ақпараттық бағдарламаларда көрсетілетіндігін санамағанда, СБМ-ның БАҚ-қа жүргізген мониторингісі тексерілетін теледидар станцияларындағы сұхбаттасу және пікір алмасу сияқты сайлау науқанының ағымдағы жағдайы жөніндегі бағдарламалардың тапшылығын көрсетеді.

- Сайлау мәселелері жөніндегі шағымдар негізінен ОСК-на және Бас Прокуратураға жолданған болатын. Бүгінге дейін келіп түскен шағым мен арыздардың саны төмен; олардың барлығы тиісті құзыреттің болмау себебінен кері қайтарылды. ОСК-на келіп түскен сайлауға қатысты шағымдардың бірнешесі ашық отырыстарда қаралды. ОСК және прокуратуралардың саяси партиялар мен азаматтық қоғамдар жолдаған шағымдарға берген жауаптарының көбісі ешбір заңды дәлелдері жоқ құқықтық нормалардың кәдімгі үзінділері болып шықты.

II. САЙЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

ОСК заңмен белгіленген мерзімдерге сәйкес келіп, сайлау алдындағы дайындығын белсенді жалғастыруда. Учаскелік Сайлау Комиссияларының (УСК) жалпы саны 9,764 дейін артты.¹ ОСК қажетті ақпаратпен қамтамасыз етіп, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-мен жақсы қарым-қатынас орнатуда. Оның отырыстары БАҚ пен бақылаушыларға ашық. Алайда, кейбір жағдайларда ОСК тиісті отырыстан ерте және ОСК мүшелері дауыс беруге дейін алдын ала шешім қабылдаған.² Бұл отырыстардың заңмен талап етілетін жария сипатын және шешім қабылдаудың алқалығын рәсімдік формалдылықпен шектеп, ашықтық пен айқындық қағидаларын жоққа шығарды деп айтуға болады.³

2009 жылы сайлау комиссиясының мүшелері тағайындалғаннан бері 15 қаңтарда кезектен тыс Парламент депутаттығына сайлау өткізілетіндігі жарияланғаннан кейін де комиссия мүшелерінің көпшілігі қызметін ауыстырды.⁴ Жергілікті атқарушы билік органдары (*мәслихаттар*) пайда болатын бос қызмет орындарын толтыруға жауапты болса, жоғары тұрған сайлау комиссиялары сайлау кезінде мүшелерді уақытша тағайындауға құқығы бар.⁵ Алайда, орын ауыстыру барысы не келісімді түрде жүргізілмейді, не толығымен айқын емес.⁶ Сайлау комиссиялары мүшелерінің белгілі бөлігін саяси партиялар ұсынғанымен, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ бақылаушыларымен кездескен мүшелер оларды қай саяси партия ұсынғаны туралы хабарсыз.

Саяси партиялардың сайлау комиссияларында қызмет ететін толық құқықты мүшелері болмаған жағдайда олар сайлау кезеңіне дауыс беру құқығы жоқ өкілдерді тағайындай алады. Осы өкілдерге барлық комиссия құжаттарының қол жетімділігіне ие болуға кепілдік беріледі, бірақ олардың отырыстарда дауыс беруге, хаттамаларға қол қоюға немесе бюллетень шығаруға құқығы жоқ. Алайда, ОСК бұл ереже ОСК-ның өзіне емес, тек төмен тұрған сайлау комиссияларына қатысты қолданылатыны туралы алдыңғы ұстанымын қайта мәлімдеді.⁷ ОСК айтуынша, 15 желтоқсан мерзіміне дейін кандидатураларын ұсынған төрт

¹ Сайлаушылар санының өсуіне байланысты Ордабасы АСК-на төрт сайлау учаскесі қосылды.

² ОСК шешімдері жөніндегі баспасөз хабарламалары 28 және 30 желтоқсанда өткен отырыстардан ерте шығарылды.

³ «Сайлау туралы» заңмен сайлау комиссиялары «алқалық, ашықтық және жариялылық қағидаларының негізінде әрекет етуге тиіс» (20-бап, 1-тармақ) және «шешімдер ашық дауыс беру арқылы қабылдануға тиіс» (20-бап, 5-тармақ) деп көзделген.

⁴ ЕҚЫҰ/БДИАҚ ұзақ мерзімді бақылаушылары (ҰМБ) денсаулық пен отбасы мәселелері және тұрғылықты мекенді ауыстыру сияқты себептерді келтіреді.

⁵ 21 желтоқсан күні Алматы қаласы *мәслихатының* депутаттығына саяси партиялар ұсынған 954 сайлау комиссиясы мүшелерінің сандық айырмашылығы (тағайындалған/ұсынған): «Ақ Жол» 211/295, «Ауыл» 115/128, «Әділет» 119/141, Жалпы ұлттық социал демократиялық партия (ЖСДП) 30/159, ҚКХП 112/137, Патриоттар Партиясы 140/1590, «Нұр Отан» 129/136 және «Руханият» 98/137.

⁶ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ бақылаған процестердің ішінен, жоғары тұрған сайлау комиссияларымен немесе жергілікті билік органдарымен тағайындалған комиссия мүшелері ауысу қызметтерін өздері тағайындайды.

⁷ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ 30 желтоқсанда жазбаша түрде растаған ОСК-ның 2011 жылғы 15 наурыздағы түпнұсқа түсініктемесі.

саяси партияның дауыс беру құқығы жоқ 1,830 өкілі ОСК деңгейінен төмен тұрған түрлі комиссияларға тағайындалды.⁸

ОСК 9,398,154 бюллетень басып шығарды.⁹ Бюллетеньдер ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ бақылаған ұлттық баспа үйінде жасалды. ОСК УСК-на осы басылымнан кейін шығып қалған немесе тіркеуден алып тасталған саяси партиялардың атауын қалай сызып тастау керек екендігі туралы қосымша нұсқаулықтар жасап шығарды.¹⁰

ОСК дауыс берушілерге сайлау жөніндегі нұсқаулықтар әзірлемегендіктен, төмен тұрған комиссиялар оқыту шараларының ауқымын, мазмұны мен күндерін анықтауға жауапты болды. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ бақылаушылары нұсқаулық жүргізу әдістерінің облыстар арасында ерекшеленетінін атап айтты; олардың ішінде сайлауға дайындық, мүшелерге арналған сынақтар немесе «Сайлау туралы» заңнан үзінділерді оқу болды.

Заңда көзделгендей жергілікті атқарушы органдар (*әкімдіктер*) сайлау комиссияларымен бірлесіп сайлауға дайындық ерекшеліктері бойынша белсенді жұмыс атқарды. Бұл ерекшеліктерге сайлаушылар тізімін әзірлеу және сайлау округтерін құру жатады. Кейбір жағдайларда, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ бақылаушылары жергілікті билік органдарының комиссия мүшелерін оқытуға және дауыс берушілерді ақпараттандыру іс-шараларына қатысқандығын жеткізді.

Заң ережелеріне сәйкес *әкімдіктер* УСК-на көпшілікке жария ету үшін сайлаушылар тізімдері мен 30 желтоқсанда өткізілген қарастыру нәтижелерін тапсырды. Дауыс берушілер өздері жайлы мәліметтерді және дауыс беретін жерді электрондық пошта арқылы немесе Үкіметтің веб-порталының көмегімен, сондай-ақ тиісті УСК-на барып немесе осы мақсатта орнатылған арнаулы желілерге қоңырау шалу арқылы тексере алады. Сайлаушылардың мәліметтерін растау үшін барлық дауыс берушілерді үйлеріне барып тізім бойынша тексеру әдісі де қолданылады. Сайлаушылар тізіміне кіргізілмеген, бірақ өзінің осы учаскеге қатысты тұрғылықты жерін дәлелдей алатын сайлаушы тиісті сайлаушылар тізіміне сайлау күні және оған дейін кіргізілуі тиіс. Арнайы дауыс беру учаскелерінде сайлаушылардың тізімдері дауыс беру күніне бір күн қалғанда жасалып бітеді.¹¹ ОСК мүшелерінің сөзіне қарағанда, халық сенімі мәселелері мен жүйені жаңарту қажеттілігі себебінен электрондық дауыс беру осы сайлауда мүлдем қолданылмайтын болады.¹²

⁸ ЖСДП – 1,453; «Ақ Жол» – 224; ҚКХП – 94; және «Әділет» – 59. 2011 жылғы 30 желтоқсандағы ОСК баспасөз хабарламасын қараңыз. Партиялар сайлау комиссияларына дауыс беру құқығы жоқ өкілдерін ұсынуға тиіс болған кезеңнің шектелгендігі туралы келіп түскен шағымнан кейін ОСК партияларға өз кандидатураларын ұсынудың бастапқы мерзімін 22 қарашадан 15 желтоқсанға дейін ұзартты (төмендегіні қараңыз, «Шағымдар мен апелляциялар» бөлімі).

⁹ Бұл көрсеткіш дауыс берушілердің жалпы санынан құралады, оған қоса бір пайыз мөлшеріндегі резерв. 20 желтоқсан жағдайы бойынша ОСК 9,305,106 дауыс берушіні тіркеді. Сонымен қатар, ОСК сайлаушылар саны жаңартылып отырған сайын қосымша бюллетень басып шығаруға хақылы.

¹⁰ ОСК 78/146 Шешімі УСК мүшелеріне партияның атауын сызып, оның орнына келесісін белгілеу жайлы нұсқаулық береді. Онда бұл процесті дауыс беру күні немесе оның алдында жүргізу керектігі туралы айтылмаған.

¹¹ Арнаулы сайлау учаскелері демалыс орындарында, емханаларда және басқа да сауықтыру орталықтарында, оқшауланған жерлерде, сотқа дейінгі тергеу орталықтарында, шетелдік дипломатиялық өкілдіктерде, әскери құралымдар мен дауыс беру күні жүзетін кемелерде орнатылған. Қазіргі уақытқа дейін, ОСК 561 арнайы сайлау учаскелерін орнатты, соның ішінде 269-ы медициналық/емдеу нысандарында, 141-і әскери құралымдарда, 48-і тергеу орталықтарында және 56-сы 46 шет ел мемлекеттерінде дауыс беру үшін орнатылған.

¹² Соңғы рет электрондық дауыс беру 2007 жылғы парламенттік сайлау кезінде қолданылған болатын.

Заң талаптарына сәйкес ОСК ұлттық сайлау қорытындыларын сайлау учаскесінің деңгейінде емес, аймақтық деңгейде (Облыстық Сайлау Комиссиясы, ОСК) өз веб-сайтында жарияламақшы.¹³ ОСК мүшелерінің айтуы бойынша, Заң жеке сайлау учаскелерінің дауыс беру нәтижелерінің хаттамаларын мен қорытынды кестелерін АСК деңгейінде жариялауын талап етпейді.

III. САЯСИ ЖӘНЕ САЙЛАУАЛДЫ ҮГІТ ЖАҒДАЙЛАРЫ

15 қаңтарда өтетін кезектен тыс Парламент депутаттығына сайлаудың үгіт-насихат шаралары өткізілуде, алайда қыс мезгілінің жағдайлары, мемлекет тәуелсіздігінің 20-жылдық мерейтойы, сол сияқты Жаңа жылға арналған мерекелік шаралар үгіт-насихатқа арналған уақыт пен көпшіліктің назарын шектеді. Осылайша, үгіт-насихат шаралары Жаңаөзен қаласында орын алған жаппай тәртіпсіздіктер себебінен елдің назарынан тыс қалды.

Әділет Министрлігінің тіркеуден бас тартуы немесе алып тастауы себебінен бірнеше саяси партия осы сайлауға қатыса алмады.¹⁴ Коммунистік Партияның қызметі 2011 жылдың 4 қазанында сот шешімімен алты айлық мерзімге тоқтатылғандықтан, бұл партияға да осы сайлауда дауысқа түсуге рұқсат етілмейді.¹⁵

Осы уақытқа дейін, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ партиялар жүргізген насихаттарға жасалған айтарлықтай кедергілері туралы ақпарат алған жоқ. «*Нұр Отан*» партиясының үгіт-насихат материалдары үгіттеу басталған күні пайда бола бастады, бұл ретте олар жан-жақты таратылуда. Қазақстанның Коммунистік Халық Партиясының (ҚКХП), «*Ақ Жол*» Қазақстанның Демократиялық Партиясының және «*Әділет*» демократиялық партиясының үгіттеу материалдарының көзге түсу деңгейі анағұрлым төмен. Қалған партиялардың үгіт-насихат шаралары едәуір бәсең әрі байқалмайды. Үгіттеу бағдарламалары көбінесе билбордтар, баннерлер, плакаттар және Жаңа жыл мерекесімен құттықтау сөздері жазылған буклеттер тарату арқылы, сондай-ақ БАҚ және сайлаушылармен шағын кездесулер ұйымдастыру арқылы іске асырылады. «*Нұр Отан*» партиясының плакаттары Қазақстан тәуелсіздігінің 20-жылдық мерейтойына арналған ресми баннерлерге және алдағы сайлаудың ресми ақпараттық постерлеріне ұқсас.

Іс жүзінде, үгіт-насихат шаралары алда болатын экономикалық дағдарыс кезінде әлеуметтік және экономикалық даму, өрлеу және әл-ауқатты арттыру, саяси жүйені дамыту, сондай-ақ аймақтық экономикалық бірігу мәселелеріне бағытталады. «*Нұр Отанның*» қызмет ету қағидаларына сәйкес Президент пен аталмыш партия тұрақтылық, даму және ұлтаралық келісім кепілі болып табылады. Президенттің «*Нұр Отан*» партиясының көшбасшысы ретінде және оның ел басы ретінде алатын орындары арасында ешқандай айырмашылық келтірілмеген.

¹³ Барлығы 16 ОСК бар, 14 облыстың әрқайсысында және Астана мен Алматы қалаларында бір-бірден.

¹⁴ 2005 жылы құжаттарды тапсырумен байланысты «техникалық» проблемалардың негізінде «*Алга*» партиясын тіркеуден бас тартылды. «*Алга*» соңғы рет 2009 жылы тіркелуге өтініш білдірді, бірақ оның өтініші мүшелер тізіміндегі ақаулықтар негізінде кері қайтарылды. Қалған екі партия «*Халық Рух*» және «*Ата Мекен*» партияларын, осының алдында мүшелер тізімімен байланысты осындай проблемалардың негізінде тіркеуден бас тартылды. Әділет Министрлігі «*Азам*» партиясының ыдырауына байланысты техникалық қиындықтар себебінен ЖСДП және «*Азам*» демократиялық партиясын қосудан бас тартты.

¹⁵ Партия қызметінің тоқтатылуы партия басшысының «*Халық Майданы*» атты тіркелмеген саяси бірлестіктің қызметінде қатысуы салдарынан болды. «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңды бұзғаны үшін Бас Прокуратурасы оны Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 374-бабы 2-тармағына сәйкес жауапқа тартты. 2011 жылғы 4 қазандағы партияның қызмет етуін тоқтату туралы аудандық соттың шешімі 24 қазан күні Алматының апелляция соты тарапынан қолдау тапты.

16 желтоқсан күні Жаңаөзен қаласында және келесі күні Шетпе және Ақтауда болған оқиғалар,¹⁶ сол сияқты кейіннен Жаңаөзенде жарияланған төтенше жағдай сайлау алдындағы үгіт-насихат шараларына жалпы ұлттық деңгейде айтарлықтай әсер тигізді. «*Нұр Отан*» өзінің сайлау бағдарламасында әлеуметтік мәселелерге көп көңіл бөлетіндігін халыққа мәлімдеді. Жалпы ұлттық социал демократиялық партия (ЖСДП) Маңғыстау облысында үгіт-насихат жүргізбейтіні туралы шешім қабылдап, ОСК мен мемлекеттік билік органдарын сайлауды кейінге қалдыруға шақырды.

ОСК 28 желтоқсан күні «*Руханият*» партиясын тіркеуден шығарып тастады, осылайша, ол енді сайлауға қатыса алмайды. Партиялық тізімді тапсыру тәртібінің заңға қайшы келетіндігінен Бас Прокуратура аталмыш партияны тіркеуден алып тастау туралы шешім қабылдады.¹⁷ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ басқа партиялар тарапынан олардың партиялық тізімдерді ұсыну тәртібінің заңға сәйкес келуіне қатысты ешбір заң бұзушылық байқамады. «*Руханият*» басшылығы партияның жалпы тізімнен шығып қалуы партияның құқық қорғаушы органдарымен Жаңаөзенде болған жағдайды ретке келтіру тәртібін сынға салу нәтижесінде болғанына толықтай сенімді.¹⁸ Тіркеуден алып тастау тәртібінде бүкіл процесс толықтай бақылауға алынды ма деген көптеген сұрақтар туындайды.¹⁹

Президенттің 17 желтоқсандағы Жарлығына сәйкес Жаңаөзен қаласында төтенше жағдай 5 қаңтарға дейін созылады. Ел басының 4 қаңтардағы Жарлығымен осы төтенше жағдай 31 қаңтарға дейін ұзартылды. Төтенше жағдай кезінде жиналыстар, шерулер мен ереуілдер өткізуге тыйым салынады, сонымен қатар Жаңаөзен қаласының шегінде жүріп тұру еркіндігіне шектеу қойылған. Осылайша, қаладағы үгіт-насихат шаралары ұлттық бұқаралық ақпарат құралдарымен ғана шектеледі.

IV. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

«Сайлау туралы» заң БАҚ-пен саяси партиялардың сайлау алдындағы үгіт шараларының әділ жариялануын көздейді.²⁰ ОСК бұл ережені мемлекеттік және коммерциялық электрондық және баспа ақпарат желілерін үміткерлердің жарнамаларда бірдей жариялануын қамтамасыз етуге міндеттеу деп түсіндірді. Дегенмен, ОСК-ның түсініктемелері де, осы талаптың тәжірибе жүзінде қолданылу жөніндегі журналисттерге арналған толық нұсқаулық та көпшілік назарына ұсынылмады. 30 желтоқсан күні өзінің алғашқы ашық отырысында ақпараттық дауларды шешу жөніндегі Қоғамдық Кеңес 16-28 желтоқсан аралығында БАҚ-қа

¹⁶ Жаңаөзендегі қайғылы оқиғаларға жауап ретінде шеру қатысушылары 17 желтоқсан күні кешке Маңғыстау облысының Шетпе және Ақтау қалаларында, сондай-ақ Алматыда жиналды. Бас Прокуратураның баспасөз хабарламасында айтылғандай, Шетпеді орын алған тәртіпсіздіктердің нәтижесінде бір адам қаза тауып, 10 адам ауыр жараланды.

¹⁷ Бас Прокуратураның шығарған айыбы партиялық тізімдерде үміткерлерді ұсыну үшін Төтенше Жиналыс ашуға қажетті партияның республикалық комитетіндегі кворумның жетіспеушілігіне, сондай-ақ партияның аймақтық бөлімшелерінің Төтенше Жиналысқа өз өкілдерін ұсынуға арналған отырыстарды өткізу мүмкінсіздігіне негізделді. «*Руханият*» партиясының жетекшісі кейбір техникалық қателіктердің кеткендігін айта отырып, уақыттың тығыздығы осының барлығына әкеп соқты деп мәлімдеді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ басқа партиялар тарапынан олардың партиялық тізімдерді ұсыну тәртібінің заңға сәйкестігіне қатысты ешбір заң бұзушылық байқамады.

¹⁸ «*Руханияттың*» 27 желтоқсандағы баспасөз хабарламасы.

¹⁹ 2011 жылдың 27 желтоқсанында Бас Прокуратура ОСК-на «*Руханият*» партиясының мәлімделген заң бұзушылықтары жөнінде қорытындыларын жолдады. Ашық отырыста шағын тыңдау өткізіп, ОСК келесі күні партияны жалпы тізімнен шығарып тастау туралы шешім қабылдады. «*Руханиятқа*» осы жайлы өз пікірін білдіру мүмкіндігі де берілмеді. ОСК шешімге қатысты өткізген баспасөз хабарламасы әзірленіп, отырыс басталғанға дейін жарияланды.

²⁰ «Сайлау туралы» заңның 27-бабының 7-тармағын қараңыз. «БАҚ туралы» заң (1-бабы, 2-тармағы) БАҚ-қа электрондық және баспа ақпарат құралдарын, сондай-ақ Интернет ресурстарын жатқызатындығын айта кеткен жөн.

жүргізген мониторинг нәтижелерін жария етті.²¹ Кеңес мемлекет иелігіндегі ақпарат құралдары жария етудегі теңдік талабын бұлжытпай орындады деп қорытынды жасады. Ресми мониторинг нәтижелері тексерілген коммерциялық телеарналар «*Нұр Отан*» партиясын демеп жариялау жасағандығын көрсеткенімен, ОСК мұны заң бұзушылық²² деп есептеудің орнына коммерциялық телеарналарға ұсынымдар әзірледі.²³

Тұңғыш рет 5 желтоқсан күні «Бас редакторлар клубының» бастамасымен 40 ақпарат желілерімен үгіт науқанын ақпарат көздерінде тарату жөніндегі Этика кодексін қабылдады. Бірқатар аспектілермен қатар, кодекс заңды сақтау, дауысқа түсетін барлық партиялардың үгіт-насихат шараларының әділ жария етілуін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекет органдарының лауазымды тұлғаларының институционалдық түрде әрі сайлау науқаны барысындағы шаралардың шегінде жариялаудың егжей-тегжейлерін танып білу міндеттемесін қамтиды.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ БАҚ-қа жүргізген мониторингтің алдын ала нәтижелері, атап айтқанда, мемлекеттік телеарналардағы бағдарламалар санының басым үлесі Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналғандығын көрсетті. Бұл жағдай шынымен де көшбасшы партия болып табылатын «*Нұр Отанға*» ақпараттық артықшылық құқығын береді.²⁴

Бұдан әрі, «Сайлау туралы» заңның құқықтық нормалары үміткерлердің беделіне нұқсан келтіруге тыйым салады және осының барлығы БАҚ-тың қоғамдық пікір-таластар жүргізу мүмкіндігінің жүзеге асырылуына күмән келтіреді. Тиісінше, сайлау алдындағы үгіт шараларының ақпараттық бағдарламаларда көрсетілетіндігін санамағанда, СБМ-ның БАҚ-қа жүргізген мониторингісі тексерілетін теледидар станцияларындағы сұхбаттасу және пікір-алмасу сияқты сайлаудың ағымдағы жағдайы жайлы бағдарламалардың тапшылығын көрсетеді.²⁵

Мониторинг жүргізілген уақытта сайлау тартысына қатысатын жеті партияның үшеуі ақылы саяси жарнамаға арналған эфир уақытын сатып алды.²⁶ Саяси партиялардың өкілдері Кеңеске ресми емес түрде үгіт науқаны кезінде кешкі эфир уақытының бағасы екі есе жоғары болғандығына шағымданды. Қазіргі таңда сайлау шаралары жайлы жаңалықтарды санамағанда, ол ақпаратты жария етудің жалғыз көзі болып табылады.

²¹ Электрондық БАҚ-тарды бақылайтын тәуелсіз қадағалау органы болмағандықтан, ақпарат және байланыс министрлігінің мониторинг бөлімі 53 мерзімді басылым құралдарына, 13 теледидар арналарына және 5 радио станцияға «сандық және сапалық» БАҚ саласында мониторинг жүргізеді. Мониторинг бөлімі ОСК-на күн сайын БАҚ-тың заңға сәйкестігі жайлы есеп береді.

²² Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекспен (105-бап) үгіт-насихат жүргізу ережелерін бұзған жағдайда айып төлем белгіленеді. Бұдан әрі, «БАҚ туралы» заңның 13-бабының 3-тармағына сәйкес сайлау алдындағы үгіт тәртібін бұзған үшін сот шешімімен БАҚ қызметі тоқтатылуы мүмкін.

²³ ОСК коммерциялық радио хабарлау компанияларын, атап айтқанда, саяси партиялар иеленетіндерді жариялау теңдігін қамтамасыз етуге міндеттеу қиындығы туралы айтты.

²⁴ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ 16 желтоқсаннан бастап 3 қаңтарға дейін жүргізген алдын ала мониторинг нәтижелері «*Қазақстан*» және «*Хабар*» сияқты мемлекеттік арналарда жариялаудың жеті сағатынан астам уақыт бойы, әсіресе жарнамалар бөлігінде, тәуелсіздіктің 20-жылдығының жетістіктерін паш етуіне бөлінгендігін көрсетеді. «Қазақстан» телеарнасында жұмыс күндері тәуелсіздік жылдарының әрқайсысына арналған ұзақтығы 30 минуттан тұратын 28 желтоқсанға дейін созылған 20 бағдарлама көрсетілді.

²⁵ Бақыланатын телеарналардың кейбір журналисттері теңдік талабын сақтау мақсатында күнделікті бағдарламалар сайлау алдындағы үгіт мезгілінде көрсетілмегендігін айтты.

²⁶ Күні бүгінге дейін, «*Ақ Жол*», «*ҚКХП*» және «*Нұр Отан*» партиялары бақыланатын телеарналардағы ақысы төленетін саяси жарнамалауға арналған эфир уақытын сатып алды. Алайда, коммерциялық телеарналардың екеуінің («31 арна» мен «КТК») эфир уақытын «*Нұр Отан*» ғана сатып алды. Партиялар осы күнге дейін сатып алған эфир уақытының жалпы ұзақтығы 2 сағат 17 минутты құрайды (47 пайызды «*Нұр Отан*», 20 пайыз бен 33 пайызды тиісінше «*Ақ Жол*» мен «*ҚКХП*» сатып алды).

28 желтоқсан күні Сенат «Теле және радио жариялау туралы» жаңа заң қабылдады. Бұл заң БАҚ және азаматтық қоғам өкілдерінің арасында және *Мәжіліс* шеңберінде пікір-таластар туғызды. ЕҚЫҰ-ның БАҚ бостандықтары жөніндегі өкілі заң электрондық БАҚ-қа қойылған мемлекеттің күшейтілген қадағалауымен азаматтардың ақпаратты еркін түрде алу құқығын шектейді деп, Президентті заңға вето білдіруге шақырды.²⁷ Ашық хатта, ұлттық және облыстық ақпарат желілері мен азаматтық қоғам өкілдері де Президентті аталмыш заңға қол қоюдан бас тартуға шақырды.

V. ШАҒЫМДАР МЕН АПЕЛЛЯЦИЯЛАР

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ қызметі барысында, бақылаушылар сайлау қатысушыларының сайлауға қатысты дауларды шешу кезінде құқықтық ережелерді дұрыс түсінбеу және қолдану жағдайларын байқады. Осының барлығы нормалардың болмауы және заңнамадағы кемшіліктер, соның ішінде кейбір сайлау мәселелерімен байланысты рәсімдердің жоқтығы себебінен болды. ОСК мен прокуратуралардың саяси партиялар мен азаматтық қоғамдар жолдаған шағымдарға берген жауаптарының көбісі заңды негіздемелері берілмеген құқықтық ережелердің кәдімгі үзіндісі болып шықты. Бұдан басқа, миссия кеңесшілері сайлау барысының, соттар мен прокуратуралардың тәуелсіздігі мен әділдігіне деген сенімсіздік көзқарастарын білдірді.

Сайлау мәселелерін қозғайтын шағымдар көбінесе ОСК мен Бас Прокуратураға немесе екеуіне қатар жолданды. Осы күнге дейін, соттарға келіп түскен шағымдар саны өте төмен және олардың барлығы осы соттардың құзыретіне жатпайтындықтан кері қайтарылған болатын. 29 желтоқсан жағдайы бойынша, ОСК-на үгіт-насихат жүргізу жөніндегі нормалардың бұзылуына, үміткерлердің партиялық тізімдерден шығып қалуына және дауыс беру құқығы жоқ мүшелердің сайлау комиссияларына тағайындалуына 13 шағым келіп түсті. ОСК мемлекеттік орган ретінде шағымдардың екеуін ғана ашық отырыста қарады; бұл шағымдарды ЖСДП-ның облыстық өкілдіктері жолдаған. Шағымдардың екеуі де сайлау комиссияларына дауыс бермейтін өкілдердің кандидатураларын ұсынуға берілген уақыттың шектелу мәселесін көтерді. ОСК шағымдарды қанағаттандырып, барлық саяси партияларға дауыс беру құқығы жоқ өкілдерді партиялық тізімдерге кіргізу үшін қосымша уақыт берді.²⁸

Толық тергеу жүргізу қажет болған жағдайларда ОСК шағымдарды прокуратураларға немесе, кей кездерде, төмен тұрған сайлау комиссияларына не басқа құзыретті мемлекеттік органдарға фактілерді анықтау үшін жолдаған болатын. Хат түрінде құрастырылған қалған шағымдарды мүдделі тараптардың қатысуынсыз ОСК-ның заң мамандары қарастырды. ОСК Төрағасы Орынбасарының айтуынша, ОСК мүшелері көтерілген мәселенің ауқымы мен оның жүйелілігін есепке ала отырып, шағымды бірлескен отырыста қарастыру мүмкіндігі жайлы шешім қабылдайды. Бұл мысал «Сайлау туралы» заңда көзделген ОСК-ның алқалық қағидасына қайшы келеді және оның тиісті жүргізілу тәртібіне әсерін тигізеді.

29 қараша күні Премьер Министр өз сөзінде «*Нұр Отан*» партиясын жақтап өз лауазымдық қызметін пайдаланғандығын мәлімдеп, ЖСДП ОСК-на шағым берді. Саяси партияның²⁹ белгілі үміткерін қолдау үшін лауазымды қызметті жеке мақсатта пайдаланғаны үшін қылмыстық жауапқа тарту туралы заң ережесі кандидаттарға ғана қатысты қолданылатынына негізделіп, ОСК бұл шағымды кері қайтарып тастады. Тура сондай

²⁷ <http://www.osce.org/fom/86713> сайтынан ЕҚЫҰ-ның БАҚ бостандығы жөніндегі өкілдің баспасөз хабарламасын қараңыз.

²⁸ 22 қарашаға дейінгі бастапқы мерзім 15 желтоқсанға дейін ұзартылды.

²⁹ «Сайлау туралы» заңның 50-бабы 1-тармағының 5-тармақшасы.

жағдайда,³⁰ ОСК «*Литер*» және «*Вечерняя Астана*» газеттеріне берген сұхбатында Президент кеңесшісі «*Нұр Отанның*» кандидатурасын жақтап, оппозициялық партияларға қарсы дауыс беруге үгіт жүргізгені туралы мәлімдеген ЖСДП шағымын Бас Прокуратураға жолдады. Бас Прокуратура бұл мәселені қолға алып, Президенттің кеңесшісі мен екі газетке ескертулер шығарды.

Жалпы айтқанда, ОСК мен прокуратураларға жіберілген шағымдарды қарастыруға бөлінген уақыт сайлауға қатысты дауларды шешуге арналған құқықтық уақыт шектеулерінен асты.³¹ Мемлекеттік органдар мен ОСК сайлау комиссиясына немесе басқа мемлекеттік органға келіп түскен шағымдарды, оның бастапқы тапсырылған күнін есепке алмай, бірінші рет келіп түскен шағым ретінде қарастыруы үшін заңмен белгіленген уақыт шектеулеріне түсініктеме берді.

30 желтоқсан жағдайы бойынша сайлау заңнамасының бұзылуына қатысты тікелей Бас Прокуратураға барлығы тоғыз шағым жолданды. Облыстық прокуратураларға *Мәжіліс* депутаттығына сайлауға, көбінесе сайлау алдындағы үгіт жүргізу ережелерінің бұзылуына байланысты 14 шағым келіп түсті. Осы уақытқа дейін, Бас Прокуратура негізінен сайлау заңнамасының бұзылу жағдайларына арналған ескертулер шығарды. БАҚ-та заңсыз үгіт-насихат жүргізумен байланысты бірнеше жағдайларда Бас Прокуратура өз бастамасымен БАҚ өкілдері мен үгіттеушілерге ескертулер шығарды. Сонымен қатар, Бас Прокуратура сайлау заңнамасына түсініктемелер әзірледі.

VI. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ҚЫЗМЕТІ

Есеп беру кезеңінде ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ өзінің әдеттегі қызметін жалғастыруда. Миссия мүшелері мемлекеттің лауазымды тұлғаларымен, саяси партиялардың өкілдерімен, сот жүйесінің, сайлау басқармасының, БАҚ және азаматтық қоғам өкілдерімен кездесті. Миссия Басшысы сайлау барысының ағымдағы жағдайын бағалау және аймақта ҰМБ мен қысқа мерзімді бақылаушыларды (ҚМБ) орналастыру мақсатында Маңғыстау облысына жұмыс сапарымен барып қайтты. ҰМБ облыстардағы сайлауға дайындық деңгейіне және үгіт науқанына тексеру жүргізіп, ҚМБ орналастыруға дайындық үстінде.

³⁰ ЖСДП шағымдары «Сайлау туралы» заңның бірқатар ережелеріне негізделеді. Бірінші жағдайда, ЖСДП лауазымдық қызметті жеке мақсатта пайдаланғаны үшін қылмыстық жауап туралы заңның 50-бабының 1-тармағының 5-тармақшасының бұзылғандығына және екінші жағдайда – ерте үгіт жүргізгені үшін әкімшілік жауапкершілік туралы заңның 50-бабы 2-тармағының 3-тармақшасына сілтеме жасады. Алайда, екі жағдайда да заңда оның үміткерлерге ғана қолданылу ерекшелігін атымайтын жалпы ережелер қарастырылған.

³¹ Сайлау заңнамасын бұзуға қатысты арыздарды қарастыру мерзімі бес күнді құрайды, ал сайлау комиссияларының шешімдеріне, іс-әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) қарсы берілген шағымдарды қарастыру мерзімі шағым келіп түскен күннен бастап үш күнді құрайды.

* Осы аралық есеп ағылшын және орыс тілдерінде қол жетерлік. Бұл құжаттың ағылшын тіліндегі нұсқасы ғана ресми нұсқасы болып табылады.